



АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАГЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРК УНИВЕРСИТЕТИ  
AHMET YESEVI ULUSLARARASI TÜRK-KAZAK ÜNİVERSİTESİ  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСКО-ТУРЕЦКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АХМЕДА ЯСАУИ  
AKHMET YASSAWI INTERNATIONAL KAZAKH-TURKISH UNIVERSITY

### III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ

Бұғынгі Түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі  
(ортақ тіл, тарих және алғап)

### III. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ

Ortak dil, tarih ve alfabe oluşturma sürecinde, geçmişten geleceğe  
Türkolojinin meseleleri

### III МЕЖДУНАРОДНЫЙ ТЮРКОЛОГИЧЕСКИЙ КОНГРЕСС

Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии  
(Общий язык, история и алфавит)

### III. INTERNATIONAL CONGRESS OF TURKOLOGY

Actual Problems and Perspectives of Modern Turkology  
(Common Language, History and Alphabet)

18-20  
МАМЫР-МАЙС-МАЙ-МАЙ  
2009

ТҮРКІСТАН - TÜRKİSTAN

**А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**  
**Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi**

**III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ**  
Бұғынгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі  
(ортак тіл, тарих және әліппе)

**III. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ**  
Ortak Dil Tarih ve Alfabe Oluşturma Sürecinde  
Geçmişten Geleceğe Türkolojinin Meseleleri

**III МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС ТЮРКОЛОГИИ**  
Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии  
(общий язык, история и алфавит)

**III. INTERNATIONAL CONGRESS OF TURKOLOGY**  
The Actual Problems and Perspectives of Modern Turkology  
(Common Language, History and Alphabet)

18-20 мамыр 2009 жыл,Түркістан  
18-20 Mayıs 2009 Yıl, Türkistan  
18-20 мая 2009 года, Туркестан

УДК 811.512  
ББК 81.2  
У. 99

**КОНГРЕСТИҢ АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Осман ХОРАТА, Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ, Мұстафа ИСЕН,  
Серік ПІРӘЛИЕВ, Шәкір ИБРАЕВ, Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ

**КОНГРЕСТИ ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛҚАСЫ:**

Лесбек ТАШИМОВ (төраға), Манир НАКИП (төраға орынбасары),  
Құлбек ЕРГӨБЕК, Талжан РАЙМБЕРДИЕВ, Роза ҚАДІРБАЕВА,  
Досай КЕҢЖЕТАЙ, Аднан ТЕКШЕН, Метин АКАР, Бакыт ӘБЖЕТ

**КОНГРЕСТИҢ ЖАУАПТЫ ХАТШЫЛАРЫ:**

Метин АКАР, Төрөлі ҚЫДЫР

У 99

III Халықаралық түркология конгресі. Бұгынгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортак тіл, тарих және әліппе) \* III Международный конгресс тюркологии. Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии (общий язык, история и алфавит) \* III. Uluslararası Turkoloji Kongresi. Ortak Dil Tarih ve Alfabe Oluşturma Sürecinde Geçmişten Geleceğe Türkolojinin Meseleleri \* III. International Congress of Turkology The Actual Problems and Perspectives of Modern Turkology (Common Language, History and Alphabet). –Түркістан, 2009. 734 б. Қазақша, орысша, түрікше.

ISBN 978-601-243-090-5

Бұл жинаққа «Бұгынгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортак тіл, тарих және әліппе)» атты III Халықаралық түркология конгресінің материалдары енгізіліп отыр. Түркі халықтарының рухани құндылықтары қамтылған бұл жинақта бұгынгі түркология саласындағы жетістіктер мен алдағы міндеттері көнінен сөз болады.

УДК 811.512  
ББК 81.2

у 4602000000  
00(05)-09

© А.Ясауи атындағы ХҚТУ



## Төрөлі КЫДЫРЫ

Филологияның кандидаты

А.Яссошатындағы АКТУ-дін Түркология ГЗИ-ның аға ғылыми қызметкери  
Түркологияның мемлекеттік миссиясынан

## ТҮРКІ ЖАЗБА ӘДЕБІЕТІНІҢ АЛҒАШЫ ТЕОРЕТИГІ

**Тұрғын:** Макалада ортағасырлық түркі ақындарының алғашқы түншіларының араб, парсы тілдеріндегі шығармалары, түрк жазба әдебиетінің алғашқы теоретиктерінің түншілары жайлы сөз болады. Сонын ішінде түркі тілінде алған жазыттан Шайкы Ахмет Таразидан «Фунуне балага» атты шығармасының түркі дүниесіндегі алар орын солданып, ондан кейінгі теориялық мөселедер зерттеленеді.

*Кітап сөздері: әле, түркі тілі, әдеби жазыттар, метин, рубій, тарсиг, ортағасыр, қафия, рәдиф*

Ортағасырлық түркі ақындарында ошығарматарының түркі тілінде жазылып отырған ең алғашқы түншілардың бірі екінші ғурада айтылатын бір дәстүр бар. Бұл әсіресе Ислам өркениетінің азында омир сүрген түркі ұландары алғашында өздерінің шығармаларын араб не парсы тілінде жазды. Осы тілдердің негізінде калам тербеп, өздерінің шығармаларында жыр жолдарын дүниеге алып келді. Сондайтан да сөз өнеріне қатысты трактаттар мен шығармалар де осы тілде жазылды. Өзге халыктан шыккан зерттеушілердің айтпағанының өзінде, олардың шығармаларында түмасы Эбу Нәсір Эл-Фараби өзінің «Өлең және үйкас туралы», «Өлең ыргагы туралы», «Поззия өнерінің негіздері туралы трактат», «Өлең өнері» және «Өлең кітабы» деген шығармалар араб тілінде жазды [1]. Сондай-ак Хөтиб Тебризидің де «Аруз бен қафия ілімдерінің кітабы» дегендеген шығармасы да араб тілінде дүниеге келгені белгілі [2]. Себебі өз шығармаларын араб тілінде жазу үрдісі сол заманының талабына түншідан еді. Бертін келе түркі тілінің де поэзия тілінде шығармалар мен ғылым мен көркем сөзге деген сұраныс та өзгерді. Сонын нәтижесінде Науай, Бабыр санжалтардың өлең өлшеміне қатысты жазылған еңбектері дүниеге келді. Десек те соңғы шығармалардың зерттеулер мен ізденістер XV ғасырдың алғашқы жартысында түркі тілінде дүниеге келгенінде тары бір еңбектің жазылғандығын анықтап берді. Осы уақытқа дейін ғылыми ортағасырлық шығармалардың болып келген бұл еңбек туралы алғашқы мәлімет берген белгілі ғалым Эргаш Омаров болып табылады. Ол 1993 жылы АҚШ-ка барған сапарынан бірнеше сирек колжазбаларды алып келді. Сондай-ак шығармалардың өзінде Тараздан шыккан Шайкы Ахмет ибн Ҳұдайдад Таразидың «Фунуне балага» деп аталған түншілесін алып келип, түркі дүниесі үшін үлкен бір тарту жасады. Осы уақытқа дейін ғылым мен ғылыми шығармалардың болып келген бұл шығармасы да араб тілінде дүниеге келгенінде өзбек тілінде тәржімалады. Сондай-ак шығармалардың өзінде Таразидың «Фунуне балага» деп аталған түншілесін алып келиді.

Шайкы Ахмет Таразидың «Фунуне балага» атты шығармасы ортағасырлық түркі жазба әдебиетінің теориясына арналған күндың еңбек. Бұл еңбектің жазылған уақыты жайлы автордың өзінде: «...alaylı äs-salawat wä sälläm hıjrattindin sekkiz yuz qırq yıl utub erdikim, bu 'elmğa şuru' etib, fars wä türk alfazini tarkib aylab, tartib qıldıq. Tamam buldi. Atini «Funune balağa» qoysuq. Wä ba'zi şerhlerdeki 'Latafiy Tarazi' häm derlär» яғни «Расулың (ғ.с.) һижретінен серіз жүз кырық жыл өтіп келе, осы ғлімді бастап, парсы және түркі сөздерін түзіп, жасады. Атын «Фунуне балага» деп қойдық. Кейбіреулар «Латафий Тарази» деп те атайды», деп жазады. Бұдан шығармалардың өзінде Таразидың 840 жылы (біздің жылдарынан 1436-37 ж.с.) аяқталғаны белгілі болып табылады. Эрі шығарма халық арасына «Латафий Тарази» яғни «Таразидың мейірімділігі (тартуы)» дегендеген де тарағанын анғарамыз. Сондай-ак шығармалардың сол заманының белгілі патшасы Ҳүрбекке ариап жазылғандығын да автор атап етеді һәм оның атына мактау-мадактаулар

Шайкының білініп тұрғандағы ғалым Жамбыл облысының орталығы Таразда дүниеге келген. Осы орайда парсы географы Әмин Ахмет Разидин «Нафт икlim» («Жеті ықылым») (1593 жылы) атты шығармасында Тараз шығармаларында жазылған «...وَلِحَاظٍ وَلِعَلَمٍ وَلِجَازٍ إِذْ أَنْ سَيَارٌ يَدِيْ أَمَهَادَهُ...» яғни «Тараз... (од жерден) ардактау уәжіп болатын ғалымдар шыккан» деп жазған жолдары еске туады.

Шайкының шығыстанушы Ислам Жеменейдін де осы еңбектен айналысын жүргенін ерекше айттып откеніміз жон.

жолдайды. Шығарманың жазылу тарихына назар аударсак, бұгінгі күні бізге белгілі түркі тілінде жазылған теориялық еңбектердің ішінде ең алғаш жазылған деуге толық негіз бар.

Шығарма ортағасырлық түркі әдебиетінің, соның ішінде өлең сөздің жазылу қағидалары мен өзіндік шарттарына, сондай-ақ сол заманда кеңінен колданылған әдеби жанрларды талдауға арналған. Автордың өзіне дейінгі жазылған теориялық еңбектерді зерделеп, содан кейін ғана осындай күнды шығармада отыргандығы анфарылады. Себебі мұнда тек әдеби жанр, шайырлық шеберлік және әдеби өрнектермен бірге, аruz ben қафия ілімі де кеңінен талданады. Шығарманың қандай тақырыптарды көтеретінін Таразидың өзі «Фехресту әл-фунун» яғни «Пәндер мазмұны» деген бөлімде байлаша атап өтеді:

Avvalǵı fanda şe'rnıng aqsañın wā anwā'ın şarh qılur;  
Ekkińci fanda qafıya wā radıfning qawa'ıdin bayan aylar;  
Üçinči fanda süzning bädai'ın wā sänái'ın zikr etar;  
Turtıńci fanda şe'rnıng taqtı' wā äwzanın taqrır qılur;  
Beşinči fanda mu'amtanıñ usul wā ärkanın tahrır etar.

Яғни алғашқы бөлімінде поэзияның жанрлық ерекшеліктері кеңінен қамтылады. Мұнда ғалым он әдеби жанрдың өзіндік ерекшеліктерін баяндайды. Екінші бөлімде өлеңнің сонында келетін қафия мен редифтің қағидаларын түсіндіреді. Ушінші бөлімде өлең сөздің көркемдігі мен шайырлық шеберлікті кеңінен сөз өтеді. Төртінші бөлімде аruz өлшеміне, оның түрлеріне тоқталады. Бесінші бөлім бүтіндей муамма жанрының жазылу шарттарын түсіндіруге арналған.

Осындағы іштей бес тарауга бөлінген ғалым мұрасы бізге толық қалпында жетіл келмеген. Олай деуімізге себеп, төртінші тараудың, яғни аruz іліміне қатысты бөлімі үзіліп қалған да, содан кейін келетін муамма жөніндегі тарау тіптен жоқ. Бұның көтіп (көшіруші) тарарапынан кеткен категілігін немесе көшірушіге толық жетпегінен білу қын. Шығарманың сонында «Енді үлті болу үшін алты негізгі баҳрдың шенберлерін көрсетейік...» дегеннен кейін қолжазба аяқталмай қалған. Тек сонында бұл еңбектің көшіруші Бұхара патшалығында Мир Куланки атымен танымал болған Мир Хусейн Хусейни екендігі әрі һижри санағы бойынша 989-шы жылы көшірілгені айтылған. Осыған қарағанда шығарма дүниеге келгенен соң 149 жылдан кейін қайта көшірілген болып шығады. Бір жарым ғасырға жуық уақыт ішінде ғалым мұрасының көтіпке (көшірушіге) толық жетпеуі де мүмкін. Десек те, шайырлық шеберлікке қатысты үшінші тарауда муамма жөнінде қысқаша мәлімет берілгенін айта кеткеніміз жөн.

Ахмет Тарази шығармада сөз өнерінің асыл қасиеттері мен шарттарын талдау барысында тек теориялық түсініктермен ғана шектелмesten, әр ұғым мен термин түсінікті болуы үшін мысалдарды пайдаланып отырады. Осындағы мысалдардың қатарында парсы өлең жолдарымен бірге, түркі жазба әдебиетінің озық үлгілерін де кеңінен қолданған. Өзіне дейінгі həm өзімен замандаш шайырлардың шығармаларынан үзінділер бере отырып, ондағы сәтті шыққан әдеби өрнектер мен шайырлық шеберліктерді ашып көрсетеді. Түркі жазба тілінде дүниеге келген әдеби мәтіндерді талдау барысында ғалым сол заманың әдеби өмірінен мол хабар берумен қатар, осы уақытқа дейін ғалымдар арасында екі奭ты пікір тудырып келген кейір шығармалардың авторларын анықтап беруде, бұгінгі ғылымға аттары белгісіз немесе авторлары белгіш болғанымен де, сол шайырдың бізге беймәлім жаңа өлең жолдарын ұсынады. Осында мәселенің бірі ретінде осы күнге дейін әдебиет майданында Лұтфидің шығармасы ретінде зерделеніп келген «Гүл және наурыз» шығармасының шынайы авторы Хайдар Харазми екенін атап өтуі ұзақ жылдар бойғы екі奭ты пікірлерге нұкте койды десек артық айтқандық емес. Бұл мәселеге ғалым мұрасын алғаш рет ғылыми айналымға түсіру кезінде ғалымдардың назар аударғанын ескеретін жағдай\*\*\*.

Автор поэзияға қатысты көптеген еңбектердің жазылғандығын, алайда өлең сөздің бар сырғын толық ашып беретін бірде бір еңбектің жоқ екендігін, сол үшін де өзі осы салаға қол ұрып отырганын жазады. Адамзат баласы жаратылғалы бері назым (поэзия) мен нәсірдің (проза) қатар өмір сүріп келе жатқанын айта келіп:

\*\*\* Ғалымдардың бұл жемісті еңбектері 2002 жылы «Узбек тили ва адабиети» журналында жарық көрді. Біз макаланы дайында барысында негізгі сілтемелерді осы еңбектен алдык.

Nazim tawis äst där boğىj baloğat jilwagar  
 K-äz kamol-e jilway-e u 'aqli kull şayda şawad  
 Näsır där boston-e hatir tuti-i şirin nawost  
 Z-on sâbâb tâsîr-e fâhîm äz ne' mâtâş pâydo şawad.

*Яғни:*

Назым (поэзия) көркемдік бағында жарқырайтын тауыс  
 Оның барша жалтырағы ақылдыны өзіне ынтық етеді.  
 Нәсір (проза) пікір бостанында totыға үқсап тәтті сөйлейді,  
 Сол себепті оны тез түсініп алуға болады.

Өлеңді жалтыраған тауыска, кара сөзді тәтті тілді totыға тенеген ғалым шығармасында өлеңнің түрі, жасалу жолы, ондағы өрнектер, үйқас пен ырғакты толығымен ашып берген. Әуелі болып өлеңнің тұрларын қасида, ғазал, қытға, рубай, мәснөуи, таржиг, мусаммат, мұстазад, мұтәүүәл және фард атап етеді де, өркайсысына жеке-жеке анықтама береді. Сондай-ақ осы аталған тұрлармен Аллаға мадақ айтылса, таухид, пайғамбарға салауат айтылса, нафт, Аллаға жалынып-жалбарыну тұрғысында берілсе, мінәжат, төрт әділ халифты мактаса, манакиб, әкім-карапарды дәріптесе, мадақ, дүниеден еткен адамды есіне алса, мәрсия, біреуді келемеждесе, hәжу болатындығын жазады. Мысалы шығыс мұсылман әдебиетінде, соның ішінде түркі жазба жәдігерлерінде кеңінен қолданылған рубай жанры туралы Ахмет Тарази «Рубаида төрт мисраф (жол) болады. Алғашқы, екінші және соңғы мисрағында қафия жасалады (үйқасады). Үшінші жол (шайырдың) ықтияры. Егер қафия жасаса (үйқасқа салса), рубай мусаррағ деп атайды» деген анықтама береді.

Әдебиет жанрларын қарастырған зерттеушілердің бәрі де рубаига осындай сипаттама берген. Сондай-ақ рубаидың өзге төрттағандардан (қытға, түйік, дубәйти) айырмашылығы арузбен байланысты екендігіне назар аударылған. Ашып айтсақ, «мәғ'улу мәғә'илу мәғә'илүн фә» уәзінінде болғанды (бұдан 24 уәзін қалыбы) ғана рубай деп атап керектігі айтылған. Сондай-ақ кейбір ғалымдар «Лә хәулә үә лә кууәтә илә билләһ» уәзініне түскенді ғана рубай деп атап керектігін алға тартқан. Алайда Ахмет Таразидің бұл енбегінде рубаидың анықтamasы өзге төрттіктерден ажыратылмаған. Тіпті төрттіктердің қатарында тек рубаиды ғана атап етеді де, түйіктың қосымша ретінде қосып, оның түркі шайырларының қаламына тиесілі екендігін ғана айтады. Сондай-ақ, түйіктың басты айырмасы ретінде берілетін қафияның омонимдес сөздермен берілуін рубаидың келесі бір түрі ретінде қарастырған да, оны мужаннас рубай, яғни омонимдес дейді. Бүтінгі енбектерде түйіктың өзге төрттағандардан басты айырмасы – аруздың «фә'иләтүн фә'иләтүн фә'илүн» уәзінмен жазылып, негізінен, соңғы үйқастардың омонимдес болып келуі ретінде сипатталады. Мысалы, түйік жанрын қарастырған түркітанушы ғалым И.В.Стеблеваның: «Если суммировать высказывания о тююге Навои и Бабура, то становится очевидным, что: 1) для тююга обязателен метр рамал-и мусаддас-и максур; 2) система рифмы а тююге может быть а а б а, а б с б и, по-видимому, а а а а; 3) предпочтительно, чтобы в рифме содержался таджник, который может быть любым в соответствии с арабо-персидской теорией поэтических фигур, но желательно, чтобы он давал омонимическую рифму» [3.135–147], деп жазуы біздің ойымыздың нақтылай түседі. Сондай-ақ, жазба әдебиетте (негізінен парсы әдебиетінде) кеңінен қолданылатын дубәйтідің басты өзгешелігі ретінде, оның аруздың «мәғә'илүн мәғә'илүн фә'улүн» уәзініне түсүі шарт дейтін пікірлер де бар. Осы тұрғыдан алған уақытта Тарази енбегі түркі жазба мұраларында кеңінен қолданылған бірнеше төрттағандардың бәрін жіктеп отырмaston, тек рубай түрімен ғана таныстырып еткенін аңғарамыз.

«Фунуне балаганың» екінші тарауы қафия мен редифке арналған. Бұл туралы автор «Ғалымдар тобы мен оқымыстылардың жолында жаңа үйренушілерге қафия ілімін білу қажет. Себебі үйренудің нәтижесі өлең. Ал өлеңнің негізі қафия. Қафиясыз өлең (шығару) мүмкін емес», деп қафияны араб ғалымдарының мутауатир, мутарадиф, мутакариб, мутадарик және мутауакис деп беске бөлгенин, оған ажам оқымыстыларының мутасауи, мутаражиң және мутазайд деген тұрларын қосып, сегізге жеткізгендін жазады. Сондай-ақ редифтің өзіндік шарттары мен ерекшеліктерін де кеңінен талдап көрсетеді.

Кітаптың үшінші тарауы өлеңтегі ернек екенін жоғарыда айтып өттік. Осы бөлімде ғалым «әрбір онеге түркі сөзбен мысал келтіріп» қаиз қоймастан, сонымен бірге қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистерінен де мысалдар келтірғен. Жалпы үзын саны жүзге тарта шайырлық шеберлікке аныктама берген һәм оны мысалдармен безеген. Солардың ішінде тарсиг өлең құрылышына былайша аныктама береді: «Тарсиг – сөздікте алтын, күміске ғаяхар орнатуды айтады. Термин ретінде тарсиг дегеніміз – алғашқы мисрағтагы сөзді келесі мисрағтың әр сезін сол (бірнеше мисрағтагы) сөздің астында келтіріп, бір уәзінде, бірдей үндестіріп, соңғы әрпін жақындауды айтады», - дейді де, қасиетті Құран аятынан, пайғамбар хадисінен мысалдар келтірғен.

Тарсиг өлең құрылышы туралы көптеген ғалымдар хабар бергені белгілі. Солардың бірағы Ә.Науан. Ол өзінін «Мұхакаматул лугатайн» атты шығармасында Хожа Көлімиддин Салманның қасида майданының майталманы екендігін айта келіп, оның «Маснуғ қасидасына» қалам тартып, соның алғашқы екі жолын тарсиг үлгісімен жазғанына тоқталған болатын. Алайда Науан да бұл терминге аныктама бере келіп, матлағдан (матлағ - алғашқы бәйіт, яғни алғашқы екі тармак) өзге жерде болмайтынын атап етеді [4]. Ал Тарази Науан секілді тек матлағтаға кездесу керектігін ашып айтпаған. Сондай-ақ Науан бұл өлең құрылышының өте киын екендігіне, оны кез келген шайырдың ептей алмайтынын ескертеді (تُرْصِيْع صُنْعَتیْ كَبِيْم مَطْلَع دِين اُوْزَكَ بَيْتُ دَابُّ الْعَالَمِ). Мұндағы екі ғалымның тарсиг деген үғымға екі түрлі жолмен аныктама беріп тұрганына назар аударған жөн. Себебі Таразидың келтірғен мысалдары тек шайыр шығармаларының матлағындаға кездеспейтіндігі ақырат. Сонымен бірге оның Құран аяты мен пайғамбар хадисінен мысал келтірүү осы ойды нақтылай түседі. Ал Науан, Көлімиддин Салманның қасидасын айтып отыргандықтан да, қасиданың матлағыға ғана үйкесіп, қалған кезде сатылып үйкесатынын ескере келіп, тек алғашқы бәйітте ғана тарсиг өлең құрылышын қолдану мүмкіндігіне тоқталған деуге толық негіз бар. Себебі өлең сөздің теориясын қарастырған ғалымның бәрі де бұл өлең құрылышын тек матлағтаға ғана қолдану керектігіне тоқталмаған. Мысалы, XI-XII ғасырда өмір сүрген Хөтіб Тебризи де тарсигқа Ахмет Тарази секілді аныктама бергенін көреміз (وَتُرْصِيْعَ الْحُلَى فِي تُرْصِيْعِ جُوْهِرِ الْوَزْنِ حَتَّى يُشَبِّهَ [4, 403].

Шығармандың төртінші тарауында ғалым аruz өлең өлшемінің үш жүз алпыстан аса түрткіштік талдап берген. Кейінгі оқырманға түсінікті болу үшін әр уәзінге мысал беріп отырганын көреміз. Оның әр терминге аныктама беріп қана қоймастан, сонымен бірге оны мысалмен айшыктап отырганына қарап, бұл енбектің жалпы көпшілік қауымға карата жазылғанын анғару қиын емес. Сондай-ақ, назар аударатын тағы бір мәселе – мысал ретінде қарастырылған өлең жолдардың бәрінде де оның қай автордікі екенін айтып отырады. Сондай мысалға алынған өлең жолдарының кейбірінде авторы қорсетілмеген. Соган қараганда ғалымның өзінін қаламына тиесіл болуы мүмкін. Себебі жоғарыда келтірілген кытға жаңырын талдау барысында «Тарази айттур» деп өзінде өлең жолынан үзінді беруі біздің ойымызды нақтылай түседі.

Әрине, қысқа ғана уақытта ғалымның шығармасын бүтіндей талдап шығу мүмкін емес. Ойымызды қорыта келе айтпағымыз, жерлесіміз Ахмет Хұдайдад Таразидың бұл еңбегі сөз өнегін түсіндіруге арналған алғашқы туынды екені талас тудырмайды.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Казак әдебиетінің тарихы. Ежелгі және орта ғасыр әдебиеті. 10 томдық. II том. -Алматы: ҚазАкпарат, 2006. -448 б.
2. Ҳөтіб Тебрізу. Kitab ol-kafî fi-l-oguz yo-l-qoâfi. Bakı: Tural NPM, 2005. - 426 s.
3. Стеблев Н.В. К вопросу о происхождении жанра туюп // Тюркологический сборник. 1970. - М.: Наука. 1970. 135-147 сс.
4. Алишер Навоий. Мұкаммал асарлар туплами. 16 том. -Ташкент: Фан, 2000. - 336 б.

<b>ЫСҚАКУЛЫ Д.</b> Мағжан – ұлт ақыны.....	336
<b>ЕРГОБЕК Қ.</b> Түркология тарланы (әйгілі түріктанушы ғалым Әмір Нәжіп туралы).....	342
<b>ЧЕКУШКИНА Е.П.</b> Влияние общетюркских культовых образов на чувашскую словесность.....	346
<b>КОРАБАЙ С.</b> «Кодекс куманикус» - түркі халықтарына ортақ мұра.....	350
<b>ЖЕМЕНЕЙ И.</b> Тарихи деректер – төржіма, текстологиялық мәселелер.....	355
<b>ТАУКЕБАЕВА Р.Б.</b> Об особенностях функционирования феномена «Языковое инобытие».....	360
<b>ЕРГӨБЕК С.С.</b> «Жүсіп-Зылых» кисасының түркілік нұсқалары және мәтіндік мәселелері.....	364
<b>САДЫҚОВ С.</b> Нәзір Төрекұловтың өзбек баспасөзін үйымдастырудагы қызметі (20-жылдар).....	372
<b>МАМЫТ А.</b> Фольклорлық сана және ғаламның мифтік бейнесі.....	378
<b>ӘБЖЕТ Б.</b> Түркі халықтарындағы шамандыққа сыйынудың негізгі түрлері.....	382
<b>ҚЫДЫР Т.</b> Түркі жазба әдебиетінін алғашқы теоретигі.....	385
<b>КЕҢЖЕҒАРАЕВ Н.</b> Қыпшак түріктерінін XV-XVIII ғасырлар әдебиетінін зерттелу мәселелері.....	389
<b>КАМАЛҚЫЗЫ Ж.</b> Жаһандануга карсы тұrap түрік әлемінің рухани тіректері.....	394
<b>ИСЛАМ Д.</b> Қазіргі казак лирикасындағы түрікшілдіктің жырлануы.....	400
<b>МАЙЛЫБАЕВА Ш.</b> Ә.Қоныратбаев және казак әдебиетіндегі түркология мәселелері.....	407
<b>ТӘШІМОВА Ә.</b> Рахманқұл Бердібай зерттеудеріндегі түрк халықтары эпосының мәселелері.....	409
<b>АХМЕТОВА Ж.Ә.</b> «Корқыт ата жыры» мен казак эпостарындағы ортақ сарындар.....	411



Фылыми басылым  
III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКОЛОГИЯ КОНГРЕСІ  
Бұтінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі  
(ортақ тіл, тарих және әліппе)

Ilmi yayın  
III. ULUSLARARASI TÜRKOLOJİ KONGRESİ  
Ortak Dil Tarih ve Alfabe Oluşturma Sürecinde  
Geçmişten Geleceğe Türkolojinin Meseleleri

Научное издание  
III МЕЖДУНАРОДНЫЙ КОНГРЕСС ТЮРКОЛОГИИ  
Актуальные проблемы и перспективы современной тюркологии  
(общий язык, история и алфавит)

Көркемдеуші редактор: Ә.Шәнкібаева

Редакторлар: Ж.Танауова, А.Мұстафа, А.Садыкова, Ж.Ахметова, Э.Алдыrbекова

Кітап Ахмет Ясауи ХҚТУ-нін “Тұран” баспаханасында көбейтілді.  
Көлемі 57x82 1/8. Кағазы оффсеттік  
Шартты баспа табағы 78,5  
Таралымы 500